

Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланатын интернет-ресурстар мен ақпараттық жүйелердің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2025 жылғы 19 қыркүйектегі № 117 бұйрығы.

"Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 16-1-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланатын интернет-ресурстар мен ақпараттық жүйелердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) заңнамада белгіленген тәртіпте мыналарды қамтамасыз етсін:

1) осы бұйрықты қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкісінде ресми жариялау үшін электронды түрде жолдауды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты құқықтық статистика және арнайы есепке алудың мүдделі субъектілеріне, Комитеттің аумақтық және оларға теңестірілген органдарына орындау үшін жіберу.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры

Б. АСЫЛОВ

бұйрығына қосымша/

Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланатын интернет-ресурстар мен ақпараттық жүйелердің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 05.02.2026 № 22 бұйрығымен.

Р/с №	Ақпараттық жүйе мен интернет-ресурстың атауы	Электрондық ақпараттық ресурстар	Ақпараттық жүйе мен интернет-ресурстың иесі
1	2	3	4

1.	"Қазақстан Республикасы сот органдарының ақпараттық жүйесі"	жеке және заңды тұлғалар бойынша сот істері туралы	Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі
2.	"Талдау орталығы"	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің арнайы есептерінде жеке тұлғалардың болуы туралы	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті
		Қазақстан Республикасының аумағынан шетел азаматтарын шығарып жіберу жөніндегі сот шешімдерінің орындалуын мониторингтеу мен бақылау туралы	
		құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесіне қолжетімділік құқығын анықтау тұрғысынан қылмыстық істер бойынша	
		жеке және заңды тұлғалардың тіркелген өтініштері туралы	
3.	"Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімі"	қылмыстық істер бойынша	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті
4.	"Бүркіт"	адамдардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарадан өтуі туралы	Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
		Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны автокөліктермен өту туралы	
		Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарадан өтуді шектеу бойынша ағымдағы тапсырмалар туралы	

5.	"Біріктірілген деректер банкі"	жеке тұлғалардың және олардың иелерінің тіркелген қаруы туралы қылмыстық көлік құралдары туралы қылмыстық қару туралы	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
6.	"Nominals" "Stolen lost travel documents-SLTD" "Stolen motor vehicles-SMV"	іздеуде жүрген адамдар туралы (қылмыскерлер, хабар-ошарсыз кеткендер, соның ішінде мүдде тудыратын тұлғалар) ұрланған/жоғалған жол жүру құжаттары туралы криминалдық автомотокөлік туралы	Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы - Интерпол (Леон қаласы, Франция)
7.	"Сервистік орталық 2.0"	тіркелген көлік құралдары туралы көлік құралын басқаруға құқық беретін жүргізуші куәлігін алған адамдар туралы көлік құралына шектеуді қою/алу	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
8.	"Көші-қон полициясы"	Қазақстан Республикасына уақытша келетін шетелдіктері тіркеу туралы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру және тіркеу туралы Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдауын және одан шығуын тіркеу туралы Қазақстан Республикасына кіруге шакыруларды (жеке сапар бойынша) қабылдау және келісу туралы Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін кетуге құжаттарды ресімдеу туралы	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

9.	"Халықты құжаттандыру және тіркеу" Тіркеу пункті"	жеке тұлға және оның жеке басын куәландыратын құжаттар, тіркелген мекенжайы және суреті туралы	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
10.	"Е-қызмет"	Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілері туралы	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
11.	"Шетелдік жұмыс күші"	шетелдік жұмыс күшін тарту туралы	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
12.	"Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған банк дерекқоры"	мүгедектікті растау туралы	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
13.	"Әлеуметтік көмек"	әлеуметтік көмек туралы (атаулы әлеуметтік көмек және тұрғын үй көмегі)	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
14.	"Еңбек нарығы"	жұмыспен қамту туралы	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
15.	"Қандас"	"қандас", "босқын" мәртебесін алған адамдар туралы	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
16.	"Зейнетақы мен жәрдемақы төлемдерінің орталықтандырылған дерекқоры" және "Төлемдерді өңдеуді ұйымдастыру"	белгілі бір уақыт кезіндегі төлемдер (зейнетақы, зейнеткерлік аударымдар және тағы басқалары) туралы	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
17.	"Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі"	жеке тұлғаның диспансерлік есепте тұруы туралы (адамның психиатрда немесе наркологта есепте тұру жағдайының фактісі туралы)	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
18.	"Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры"	субъект туралы (жеке немесе заңды тұлға), лицензия туралы (нөмірі, түрі)	Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі
			Қазақстан Республикасының

19.	"Мобильді азаматтар базасы"	тіркелген ұялы телефон нөмірлері туралы	Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі
20.	"Мобильді үкімет" ақпараттық жүйесінің "1414" Бірыңғай байланыс орталығының SMS-шлюзі	мемлекеттік қызметтерді көрсету шеңберінде SMS жіберу	Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі
21.	"Халыққа қызмет көрсету орталықтарының ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі"	жеке және заңды тұлғалар халыққа қызмет көрсету орталықтарында алған қызметтер туралы	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғам
22.	"Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастры"	жылжымайтын мүлік объектілері және тарихи деректерді қоса алғанда, объектіге құқық иелену туралы жылжымайтын мүлік объектілерімен операцияларға ауыртпалықты салу/алып тастау жер учаскелері және олардың сипаттамалары туралы	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғам
23.	"Экспресс-3"	теміржол көлігіне сатылған және қайтарылған жол жүру құжаттары туралы	"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы
24.	"Міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі"	автокөлік құралдарының техникалық байқаудан өтуі туралы	Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі
25.	"Көліктік дерекқордың және тасымалдау қауіпсіздігінің серпінділігі мониторингінің ақпараттық-талдау жүйесі"	теміржол көлік құралдары, олардың иелері туралы өзен кемелері мен шағын кемелер, олардың иелері туралы	Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі
26.	"APCAS"	ресімделген және (немесе) бронға қойылған билеттер туралы	Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі
27.	"Монополист"	Қазақстан Республикасындағы табиғи монополиялар субъектілері туралы	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті
		орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік	

28.	"Ұлттық білім беру дерекқоры"	білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
29.	"Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы"	Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының студенттері мен түлектері туралы	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
30.	"Жұмылдыру ресурсы автоматтандырылған жүйесінің интеграциялық шлюзі"	әскери міндеттілер және әскерге шақырылушылар туралы*	Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
31.	"E-agriculture" агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі"	ауыл шаруашылығы мақсатындағы техника, оның иелері туралы	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
32.	"e-Минфин"	<p>мемлекеттік сатып алу туралы</p> <p>бюджеттен төленетін төлемдер туралы</p> <p>мемлекеттік бюджетке түсімдер туралы</p>	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
		<p>салық төлеушілерді тіркеу деректері бойынша қызмет</p> <p>салық берешегі бойынша қызмет (сұраныс-жауап)</p> <p>қарсы тексерістер туралы</p> <p>қосылған құн салығы бойынша есепке қою/есептен алу</p> <p>салық есептілігін өңдеу жүйесі туралы</p> <p>контрагенттер қызметі</p> <p>этил спиртін және/немесе шарап материалын өндіру және айналымы туралы декларациялар туралы</p> <p>алкоголь өнімін өндіру және олардың айналымы туралы декларациялар туралы</p>	

алкоголь өнімдерінің

33.

"Smart Data Finance"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер
комитеті

		айналымы туралы декларациялар туралы	
		мұнай өнімдері жөніндегі декларациялар туралы (2- нұсқасы)	
		мұнай өнімдері жөніндегі декларациялар туралы (3- нұсқасы)	
		жеке табыс салығы мен мүлік жөніндегі декларациялар туралы	
34.	"АСТАНА-1 (Keden)"	сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті
		жолаушының кедендік декларациялары туралы	
		көлік құралына кедендік декларациялар туралы	
35.	"Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі"	жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар туралы (көмірсутегі шикізаты және уран және көмір бөлігінде қатты пайдалы қазбалар)	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
		жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар (уран мен көмірді қоспағанда, қатты пайдалы қазбалар және жерасты сулары) туралы	
36.	"Атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған акпараттық жүйесі"	сот актілерін орындау туралы (4.0 нысанды карточкалар, 4.1 нысанды атқарушылық құжатты есепке алу карточкалары, атқарушылық құжаттың қозғалысы және оны орындау нәтижелері туралы карточкалар)	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
		атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлер туралы	
37.	"Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры"	жеке тұлға және жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, адамның тіркелген мекенжайы туралы	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
		заңды тұлға туралы	

38.	"Заңды тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры"	заңды тұлғаның тіркеу әрекеттеріне ауыртпалық салу/алып тастау	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
		заңды тұлғадағы қатысушының үлесіне ауыртпалық салу/алып тастау	
39.	"Бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйе"	нотариустар және жасалған нотариаттық іс-әрекеттер туралы	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
40.	"Азаматтық хал актілерінің жазбасы"	жеке тұлғалардың азаматтық хал актілері туралы	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
41.	Екінші деңгейдегі банктердің ақпараттық жүйелері	банктік шоттар туралы	екінші деңгейдегі банктер
		банк операциялары туралы	
42.	"Бірыңғай сақтандыру дерекқоры"	көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы	"Мемлекеттік несие бюросы" акционерлік қоғам
		сақтандыру есептері туралы	
43.	"Бірінші несие бюросы"	несиe тарихы туралы	"Бірінші несиелік бюро" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
44.	"Қазпочта" акционерлік қоғамның ақпараттық жүйесі"	пошта жөнелтілімдері туралы	"Қазпочта" акционерлік қоғамы
45.	"Қазақтелеком"	телефон желісінің абоненттері туралы	телефон желісінің абоненттері туралы
46.	"Бағалы қағаздардың депозитарлық-тіркеу жүйесі"	бағалы қағаздардың және олармен жасалатын мәмілелердің бар-жоғы туралы	Акционерлік қоғамы "Орталық депозитарий бағалы қағаздар"
47.	"Сәйкестендіру кодтарының деректер базасы"	тіркелген ұялы байланыс құрылғылары туралы	Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі

Ескерту:

Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерге қолжетімділік Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен беріледі.

* - қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) жұмылдыру ресурстарының интеграциялық шлюзіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс

министрлігінің және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылы жөніндегі бірлескен бұйрықтарына қол жеткізуі болған жағдайда.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК